

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 маусым N 852 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 63-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақ алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ережеде:

11-тармақ мынадай мазмұндағы он төртінші және он бесінші абзацтармен толықтырылсын:

"шетел ұйымдары алдында берешек мәселелері бойынша Ведомствоаралық комиссия шеңберінде шетелдік кредиторлардың талаптарына құқықтық сараптама жүргізу;

халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардан, донор елдерінен қаржылық және техникалық көмекті тартуға және пайдалануға байланысты құқықтық мәселелерді белгіленген тәртіппен келісу";

12-тармақтың 3) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының үкіметтік заемдары мен мемлекеттік кепілдіктері бойынша заңгерлік бағалау (Legal opinion);";

12-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) шетелдік ұйымдар алдындағы берешек мәселелері бойынша Ведомствоаралық комиссия шеңберінде қазақстандық заңды тұлғалардың шетелдік кредиторлар алдындағы берешектерінің сипатын анықтау; құқықтық құрамдастарды пайдаланудың басымдықтарын анықтауда халықаралық донорлық көмекті үйлестіру.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК